

**Қаракемер мектеп -балабақшасы бойынша  
2022-2023 оқу жылындағы  
Мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы.**

Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттарын, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз тенденцияларды анықтау және бақылау үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз педагогикалық тәжірибені тарту мақсатында Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді.

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен жұмысты бақылау;
4. Оқу зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай күйін бақылау;

**6. Тәрбие процесінің сапасын, іс шараларды өткізуді бақылау.**

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің, тәрбиенің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізілді. Жасалған талдау бағытталған басқару шешімдер анықталды.

Жалпы тәрбие негізінде тәрбие жоспарының сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай болуын анықтау мақсатында тәрбие жоспарлары тексерілді. Көп балалы, аз қамтылған отбасы көмек беру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында “Мектепке жол” акциясының ұйымдастырылуына бақылау жасалды. Бақылау барысында оқушыларға демеушілік еткен азаматтардың берілген қаржылай немесе заттай демеушіліктерінің таратылып берілуі қадағаланып, ақпараттар дер уақытында беріліп отырды.

Сонымен қатар, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі, оқушылардың оқулықтармен толық қамтылулары, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жүргізілген қосымша білім беру жұмыстарының жүргізілуі, спорт секцияларының жұмыс барыстары, оқушылардың сабаққа қатысымы, 5 сынып оқушылардың жаңа буынға қабылдану кезіндегі психологиялық адаптацияның жүруі, “Ұшқыр ой” дебат клубы, “Балалар және театр”, “Әдем ай би” үйірмелерінің жүргізілуі, оқушыларға азаматтық патриоттық тәрбие беру сапасы, сынып сағаттарының өтілуін тексеру, Жолда жүру ережелерінің, өмір қауіпсіздік негіздері

ағдарламаларының орындалуы, “Қоғамға қызмет” еріктілер клубы жұмысының жай күйі, Діни экстремизмнің алдын алу ақпараттық насихаттау тобының жұмысы, Ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмысының барысы, кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі, мектеп парламентінің “өзін өзі басқару” ұйымының жұмысы, “Адал ұрпақ” клубының жұмысы жоспарларының орындалуы, “Оқуға құштар мектеп” жобасы жұмысы, Ұлдар, қыздар жұмысының жүргізілуі, Жазғы демалыспен камтылуы т.с.с бағыттар негізінде мектепшілік бақылау жүргізіліп, уақытылы анықтамалары, хаттамалары жазылып, пед кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып талқыланды. Бақыланған бағыттар негізінде уақытылы тиісті мамандарға ұсыныстар беріліп, қайта бақыланып ұсыныстар жойылып отырды.

Қорытындылау келе, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақыланды және орындалды. Педагогикалық қызметкердің қызметінің нәтижелері талданып, сараптамалық баға берілді. Бақылау үрдісінде әдістемелік көмектер көрсетіліп, озық педагогикалық тәжірибелер таратылды. Атап айтсақ: “Балалар және театр” үйірмесі бойынша аудандық шараларға қатысып, “Үшқыр ой” дебат клубы шараларға қатысып, оқушылар бірнеше жетістіктерге жетіп келді.

“Әдебиет әлемі” үйірмесі нәтижесінде оқушылар Мағжан оқулыраны, поэзиялық кештерге қатысып, жетекшімен бірге шығармашылық жұмыстарға қатысып келеді.

Алдыңғы оқу жылы бойынша аталған оқу жылға алынған ұсыныс: Сынып жетекшілердің, қосымша білім беру педагогтерінің жұмыстарын жинақтау, аудан, облыс көлемінде іс тәжірибелерін тартуға ұсыну болса, аталған ұсыныс оқу жылында орындалды.

Жалпы мектепшілік бақылау жұмыстарының мақсаты толық орындалды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Г.К.Досқалиева